



**Әмір Әбдіғәпар
Жанбосынұлы
(1870-1919) ж.ж.
1916 жылғы
Торғайдағы ұлт-
азаттық көтерілістің
ханы**

Әбдіғапар Жанбосынұлы 1870 жылы бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезі Қараторғай болысында дүниеге келген. Жас кезінен өте алғыр болып өскен ол аталарынан қалған байлықты молайта түсіп, елдегі ірі ауқаттылардың біріне айналды. Әбдіғапар өзінің жеке басын және байлығын күйттеген жоқ. Тектілігі болар, ол қарапайым халықпен етене тіршілік жасады, олардың қамқоры бола білді. Қазақ халқының 1916-1917 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының Торғай даласындағы басшысы. Тілеулі батырдың ұрпағы. Арғы атасы Нияз би – Абылай ханның сенімді серігі, әкесі Жанбосын (1847-95) көп жылдар болыс болған. Анасы - Алуа Ақтасқызы (1840-1934) (Ақтас – Ахмет Байтұрсынұлының әкесінің ағасы). Әбдіғапар ауылыныда бастауыш мектеп ашқан. Ағаштан ою ойған, шебер болған, суармалы егіншілікпен айналысқан, ақыл-парасатымен ел ағасы атанған. 1916 жылдың жазында Қараторғай болысының, кейін бүкіл Торғай уезінің көтерілісшілері Әбдіғапар Жанбосынұлының маңына топтасты. Сол жылғы 21 қарашада Жалдама өзені бойында 13 болыс ел өкілдерінің құрылтайы Әбдіғапарды хан көтеріп, Кенесары қолбасшыларының бірі Иман батырдың немересі Амангелдіні сардарбек етіп сайлады. Әбдіғапар Жанбосынұлы Кеңестердің Торғай облыстық І-съезіне (Орынбор, 1918 ж. наурыз) қатысып, кейін Кеңес өкіметінің саясатын жүргізуден бас тартты. Әмір Әбдіғапар 21 қараша 1919 жылы қызыл әскерлер қолынан Зәуре қопасында қаза тапты. Ұрпақтары “хан тұқымы” ретінде аяусыз қуғынға ұшырады.



*Қызыл үй. (Хан мен сардар сайланған қызыл үй)
Нысанның авторы: Айтмағанбет ұста*




Нысанның мерзімі: 1974 ж

Нысанның авторы: Айтмағанбет ұста

Нысанның орналасқан жері: Аманкелді ауданы, Аманкелді селосы, Маметова көшесі, 4.

Қазақ ССР Министрлер советінің № 38 қаулысымен 26.01.1982 жылы Республикалық дәрежеде қорғауға алынған Қоғалыкөлде ел «Бүркіттің қызыл үйі» деп атап кеткен мекенді әкесі Бүркіт емес, оның кіші баласы Мұханбетжан салдырған. Оның есігінің екі жағында қызыл кірпіштен бүріп салынған ауа жаңғыртатын екі саңылауы болатын. Бұл ғимарат «Қоғалыкөл» мен «Қызыл үйдің» аты 1916 жылы шыққан, осында арғын, қыпшақ ақсақалдары Әбдіғапар Жанбосынұлын хан көтеріп, Аманкелді Үдербайұлын сардар етіп сайлаған. 1976 жылы аудан жұртшылығының келісімімен және Өзбекәлі Жәнібековтің басшылығымен Аманкелді селосының орталығына көшіріліп, қайта салынды.



*Қараторғай елдімекенінде
Әбдіғапарға орнатылған
ескерткіш кесене.
2010 ж.*

$$207 \text{ I} / u$$

Прощение

1911

Къ сему предложению присоединяется
Est au lieu de les or

Әбдіғапардың хаты



Арқалықтағы Әбдіғанар ханға ескерткіш орнатылатын алаңда.



Мағзұм Әбдіғапарұлы



Рүстем Әбдіғапарұлы



Қали Әбдіғапарұлы



**Мырзағали
Әбдіғапарұлы**



Г.М. Шмидт, Ә.Иржанов, Ә.Жангелдин, Р.Әбдіғанапұлы. 1934 ж.



*Тынышбала Үмбетейқызы.
Әбдіғанапардың екінші әйелі.*



*Жәмила Күлік қажы қызы.
Әбдіғанапардың үшінші әйелі.*



*Үмия Әбдіғанарқызы
Әбдіғанардың бірінші әйелі
Далтазадан туған қызы*



*Рахима Садуақасқызы
Әбдіғанардың інісі Садуақастың
қызы*



Рүстем Әбдігапарұлы жұбайы Кәтез Байтұрсыновамен



Қабыл Қалиұлы



Қабден Қалиұлы



Едіге Рүстемұлы




*Мырзағалидың қыздары:
Сағадат пен Зейнеп*



Мырзағалиұлы Марат




Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев



*Елемес Едігеұлы
Әбдіғанапартың немересі*



*Елеместің баласы
Дастан жанұясымен*



Сағадат Едігеұлы



Нияз Сағадатұлы



Алма Бозтайқызы



Айсұлу Қаратайқызы



*Төкеш Әбдісадықұлы
Әбдіғанапардың інісінің баласы*



*Есенбек Әбдіғалықұлы
Әбдіғанапардың інісінің баласы*

Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН



Әбдіғапар Жанбосынұлы

М.СҮЛЕЙМЕНОВ



ӘБДІҒАПАР

ХАН

Мақсұтбек Сүлеймен



ТІЛЕУЛІ БАТЫР. НИЯЗ БИ





Тургай облысындагы көтерілісті басу жоспары. 1916 ж.